

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 317 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5 тармағына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
35 -сессиясының төрағасы*

А. Есқариев

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Құрманбаев

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 18
қыркүйектегі № 317 шешіміне қосымша

Аудандық мәслихаттың күші жойылған кейбір шешімдер тізбесі

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 30 мамырдағы № 200 "Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы" (нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2014 жыл 16 маусым № 2932 санымен тіркелген) шешімі.

2. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 241 "Махамбет ауданында тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2015 жыл 6 қаңтар № 3071 санымен тіркелген) шешімі.

3. Аудандық мәслихатының 26 ақпандағы 2015 жылғы № 261 "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 241 "Махамбет ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2015 жыл 31 наурыз № 3138 санымен тіркелген) шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК